

2.3 Қазақ халқының қалыптасуы. XV - XVIII ғғ. басындағы Қазақ хандығы. Қазақ мәдениеті (XIV – XVIII ғғ. басы)

Дәріс жоспары:

1. Қазақ халқы қалыптасуының тарихи алғышарттары. Жүздердің пайда болуы
2. Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы. Қазақ хандығының қайта өрлеуі
3. XVII - XVIII ғғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Тәуке ханның билікке келуі және оның саясаты

Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер: этникалық аумағының және бірыңғай тілдің қалыптасуы. Шаруашылықтың, материалдық және рухани мәдениеттің ортақтығы. Мемлекеттің құрылу факторы және оның этникалық үдеріске ықпалы. «Қазақ» терминінің әлеуметтік, этникалық мәні мен мазмұны. Қазақ жүздерінің қалыптасуына этносаяси және шаруашылық факторлардың әсері. Жүздердің пайда болуы.

Қазақ хандығының құрылуы, оның барысы және негізгі оқиғалары. Керей мен Жәнібек хандардың рөлі. Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы. Қазақ хандығының күшеюі. Бұрындық хан тұсындағы Қазақ хандығының Сырдария бойындағы қалалар мен өңірлер үшін күресі. Қазақ хандығының XVI ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Қазақ хандығының Орталық Азиядағы ең күшті мемлекеттердің біріне айналуы. Жетісудың Қазақ хандығы аумағына қосылуы. Қасым хан тұсында хандық аумағының ұлғаюы. Хақназар ханның, Шығай ханның, Тәуекел ханның билік жүргізуі. Есім ханның Сырдария бойындағы қалалар үшін күресі. Жоңғар хандығының пайда болуы, алғашқы қазақ-жоңғар қатынастары. XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынастарының сипаттамасы. Қазақ қоғамында батырлар мен билер ықпалының өсуі. Орбұлақ шайқасы. Жәңгір хан тұсындағы Қазақ хандығы. Тәуке ханның билікке келуі және оның саясаты. Тәуке ханның «Жеті жарғысы». Билер институты. Қазақ мемлекетінің сыртқы саясаты мен дипломатиясы.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 - том. – Алматы: «Атамұра», 1998. - 640 б.
2. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: "Сардар" баспа үйі, 2014. – 520 с.
3. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. Астана: Астана Даму, 2006. – 256 с.

4. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004. – 368 с.

5. История Казахстана (Қазақ елі). Книга 1-2. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 458 с..